



Құмаш Нұрғалиев өмірден кеткеннен кейін ол басқарған мектеп “КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің мектеп-гимназиясы” атты авторлық мәртебесіне ие болды.

Оның ұлы Талант Құмашұлы осы мектеп педагогикалық ұжымының қолдауымен директор болып сайланды. Сол кездің өзінде ол жоғары маманды педагог ретінде танылған еді және Қаз КСР Халық ағарту ісінің үздігі атанып, Ыбырай Алтынсариннің медалімен марапатталған болатын.

Өйткенмен, ауыл мектебінің авторлық тұжырымдамасын дамытуды қолға алған Талант Құмашұлына алғашқы кездерде елеулі қиыншылықтар кездесті. 1999 жылы Қазақстанда, атап айтқанда, Зайсанда “9 баалдық” ерекше жер сілкінісі болды. Жер сілкірудің орталығы Боран ауылынан 70 шақырым қашықтықта еді. Үш қабатты мектеп ғимараты толық күйреді десе болады. Іс жүзінде мектепті қайтадан қалпына келтіруге тура келді. Мектепті қалпына келтіруге екі-үш жылдай уақыт кетті. Құрылысшылар металмен қаптап, мектепті жаңадан салды.

Бұған қосымша осы уақытта ауыл тұрғындарының көші-қоны басталды, “Боран” совхозы күйреді, ауыл тұрғындары жұмыс іздеп жан-жаққа көшуге тура келді. Мұның өзі оқушылар мен мұғалімдер деңгейіне көп әсер еткен жоқ. Басқа жаққа көшкен ауыл тұрғындары балаларын осы жерде, сапалы білім-тәрбие беретін мектепте қалдыруға ұмтылды.

Бұл ауыр жылдары мектеп Президент пен ел басшыларының назарынан тыс қалмады. Бұған дәлел 1992 жылы Талант Құмашұлының республиканың Тәуелсіздік күні қарсаңында Н.Ә. Назарбаевтан құттықтау хат алуы.

Талант Құмашұлының басқаруымен мектеп сақталынып қана қойған жоқ, сонымен қатар, Құмаш Нұрғалиевтің мектеп-гимназиясы авторлық тұжырымды одан әрі дамытты. Педагогикалық ұжым өзінің іскерлігін танытты.

Мектеп жаңғырудың жаңа жүйесіне көшті. Саяси және әлеуметтік-экономикалық қоғам дамуына үлес қосты. Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасуына қажетті жағдайларды, оқушыларды тәрбиелеудегі теориялық және тәжірибелік жаңғыруды, педагогикалық мақсаттар мен міндеттерді жаңаша ойлауды жүзеге асырды. Құмаш Нұрғалиұлы қалыптастырған білім беру процесіндегі мектеп дәстүрін сақтай отырып, соның негізінде қоғамның талабына сай мұғалімдердің ізденістерін, олардың мүмкіндіктерін дамытуға, демократиялық және экономикалық мәселелерді, адамдардың еркіндігін, өзін-өзі басқаруын қалыптастыру мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлді.

2003 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күні мерекесі құрметіне Астанаға өмірдің әр саласында еңбек етіп жүрген алдыңғы қатарлы өкілдер шақырылды. Бұл адамдарға зор құрмет көрсетілді. Олар Президенттің қолынан үкіметтің жоғары марапаттауларын алды. Қазақстан оқытушылары атынан салтанатқа Нұрғалиев Талант Құмашұлы қатысты. Білім саласындағы ерекше жетістіктері және жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісіне қосқан зор үлесі үшін Талант Құмашұлы “Парасат” орденімен марапатталды. Мұның өзі Президенттің педагогтарға деген зор құрметінің көрінісі емес пе!





### Мектеп ұраны

*Әні: Рамазанова Г.М, сөзі: Сағиева Г.Қ*

Ұлы Ертіс бойында Жеріміз Боран бар  
Жемісті еңбекпен бірлесіп қаланған  
Қажырлы, қайратты еңбекшіл елім бар  
Наймандай рухты бабадан таралған

*Қ-сы:*

Әйгілі Құмаштың мектебі-ордамыз  
Білімнен, еңбектен, өнерден алдамыз  
Жыр тұнған, нұр тұнған мектепті пір тұтып  
Ордамыз алтын деп мақтана аламыз

Біз үшін соғыста қан кешкен ағалар  
Көз жасы еңбекке жайылған аналар  
Құрметтеп, бас иіп әрқашан өтерміз  
Алдында қалықтай гүл шоғы қойылар

*Қ-сы*

Біз шәкірт білімнің нұрына бөленген  
Өнер мен ғылымнан сусындап кенелген  
Еліміз-тәуелсіз, намысын қорғаймыз  
Ықтаймыз уақыттан зымырап жөнелген.

*Қ-сы*

### Құмаш ата мектебі

*Әні, сөзі: Н. Кемешов*

Екі аяқ, бір қолынан айырылған  
Соғыста жауды жеңіп жаны қалған  
Білімнен орда ашып келешекке  
Халқынан құрмет көріп, алғыс алған

*Қ-сы:*

Ауылда тұрып шеткері  
Ұрпағың өсіп көктеді  
Сапалы білім тәрбие  
Қалдырдың артта көп белгі  
Елімнің нақты ордасы  
Құмаш ата мектебі

Қыран – ең алғыр ойлы самғайтұғын  
Қолға алған шаруаң жолда қалмай-  
тұғын

Өзіңнің мектебіңнен өнеге алған  
Өрендер бар ісіңді жалғайтұғын

*Қ-сы*

Ер шығарды мақтан ғып елдің атын  
Марқада Боран, - деген жердің атын  
Құмаштың мектебі, - деп шәкірттерің  
Әлемге болсын сені танытатын.

*Қ-сы*



Кез келген жақсы мектептің өз “тірек” мұғалімдері болады. Ол оның өмірін, беделін, тәрбиелеп жатқан шәкірттерін анықтайды. Ең жақсы мектеп деп оның лидерінің төңірегіне көптеген сапалы мұғалімдердің топтасуын, білім беру процесіне қатысты мүддесі бір болуын айтамыз.

Құмаш Нұрғалиұлының педагогикалық идеяларын дамытуда айтарлықтай рөл атқарған оның оқушылары мен әріптестері көп еді: Қаз КСР ағарту ісіне еңбегі сіңген Ж.С.Сағитова; Қаз КСР ағарту ісінің үздігі, аға оқытушылар; Г.Ж. Батымбаева, Е.А. Алешина, Б.Ж. Жұманова, А.А. Қабдешова және Р.Ф. Премина; аға оқытушылар М.Д. Деменова, М.Ж. Дүйсекенова; Қаз КСР ағарту ісінің үздігі Т.А. Орынбаев, Б.Б. Мұстафина, Г.З.Өтеева, А.Т.Демеубаева.

Бүгінде Құмаш Нұрғалиұлының авторлық мектебінің педагогикалық рөлі күшті. Ол негізінен, үнемі шығармашылық ізденісте жүрген жас педагогикалық ұжым.

Мектептің алдыңғы қатарлы мұғалімдері ғылым мен тәжірибені интеграциялық қажеттілігін түсіне отырып еңбек етеді, өзінің кәсіби деңгейін үнемі жетілдіре түседі, ғылыми тәжірибелік конференцияларға қатысады. Тарих пәнінің мұғалімі Ж.С.Шәкірова “Қазіргі кездегі тарихи білім: проблемалар, тәжірибелер, болашақ жетістіктер” конференциясында бірінші орын алды; білім беруде жаңа технологияны, электрондық оқулықтарды, РБАО-ның “Қашықтан оқытудағы серіктестік арнасы” материалдарын шебер пайдаланумен әріптестерін таң қалдырды. Жанна Сағиолданқызының көптеген шәкірттері олимпиада жүлдегерлері болды, сондай-ақ, ЕНТ тарихы бойынша білімдерінің жоғары екендігін бекіте түсті.

8 сыныпқа арналған “Химия қақпасы” (авторы Ж.Ж.Жұмахан) жаңа оқулығын педагог-жаңашыл А.З. Өтеева мектепте тәжірибеден өткізді. Әлия Зайнулдықызы химия бойынша өткен ауданаралық семинарда бұл оқулықтың зор жетістігі бар екенін компьютерлік технологияны пайдалана отырып тамаша дәлелдеп берді.

Жоғары сапалы қазақ тілінің мұғалімі Г.И. Пшенчинова республикалық олимпиадалардың көптеген жүлдегерлерін дайындай отырып, дарынды балалар мен жемісті жұмыс істеуді одан әрі жалғастыруда.

Бастауыш мектеп мұғалімдері де ауыл мектебінің тұжырымдамасын дамытуды іс жүзіне асыруда белсендік танытуда. Аудандық байқауға қатысқан бастауыш мектептердің озат мұғалімдерінің арасында С.А. Айылбаева “2004 жылғы мұғалім” атағына ие болды. Тәрбиелеп шыққан балалары негізінен бастауыш сыныптарда жақсы білім алғанын дәлелдеп берді.

Бізді Е.Тенкебаевтің, Г.Ойратованың, А.Шерияздановтың, А.З.Нұрдыбаеваның жетістіктері қуантады.

К.К.Сәмехинаның және К.Т.Тұрғанбаеваның оқушылары үлгерімдерінің өте жоғарылығымен ерекшеленеді, мұның өзі аудандық білім саласындағы түрлі жарыстарда байқалады.

Мұғалім Б. Жұмағұлова әр кезде де балалар арасында, олардың қаумалауында, бала бақша алаңында, мұз айдынында, спорт залында көрінеді.



Музыка және ән пәндерінің мұғалімі Л.Нұрғалиева өзінің жұмысын сәбилер арасында халықтық педагогикаға сүйене жүргізеді.

Осының бәрі балаларды мектеп қабырғасында қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.



- |                   |                  |                  |                |                |               |          |
|-------------------|------------------|------------------|----------------|----------------|---------------|----------|
|                   |                  |                  |                |                |               |          |
|                   |                  | Наурымбаева Ж.С. | Бурганова Э.С. | Торжумбаева Н. | Жуналиева Э.  | Досма... |
|                   | Наурымбаева РК   |                  |                |                |               |          |
| Данкербайева Ш.Т. |                  |                  |                |                |               |          |
|                   | Наурымбаева Т.С. | Рахметбаева Г.М. | Нуржанова М.Э. | Саматбаева РК  | Алибаева К.А. | По...    |
|                   |                  |                  |                |                |               |          |
| Бейсенбаева А.И.  |                  |                  |                |                |               |          |








Ифана Б.



Деминская М.К.



Тенчибаева Г.А.



Айтпаева С.М.



Калирина В.А.



Алхаирова Н.К.



Шакирова Ш.С.



Адилбаева Ш.Б.



Иева Л.А.



Шаханов М.Ж.



Купбординов А.И.



Алиев А.Э.



Дулбаев Ж.Т.



Турсанбаева К.Т.




Ожирнов Ж.А.



Абдиева С.У.



Бекмамбетова Г.А.



Егьипова Б.Т.



Егьипова Г.К.




Оринбаева М.М.



Турарова Г.К.



Турычова Т.






Кургутов А.Ч.



Тасманбеков Б.К.



Аймаубет



Ұжым Құмаш Нұрғалиұлы негізін қалаған дәстүрлерді дамыта отырып, педагогикалық мамандарды даярлайтын мынадай орталықтармен тығыз қарым-қатынасты жүзеге асырады, олар: Шығыс Қазақстан облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институты, С.Аманжолов ат. Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университеті және Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (бұрынғы Абай ат. АПИ).

Құмаш Нұрғалиұлының мектеп-гимназиясының педагогика ғылымы мен практиканы жақындастырудағы сан қырлы қызметі 1989 ж. бірінші рет ауыл мектебінің базасында жалпы және жоғары мектеп қарым-қатынасының ерекше формасы болып табылатын Абай ат.ҰПУ педагогика кафедрасының ғылыми-оқу әдістемелік комплексін ашуға жағдай туғызды.

Ғылыми-оқу әдістемелік комплексінің біріккен зерттеу қызметі ғалымдар мен практиктер қарым-қатынасының сипатын түбегейлі өзгертті, олар бірыңғай іс бағдарламасы негізінде жұмыс істеді, мұнда қызмет нысаны ретінде оның барлық қатысушылары бірдей ат салысты.

Ғалымдар мен ұстаздардың шынайы қарым-қатынасы жағдайында, педагогика ғылымы мен практикасының өзекті мәселелері бойынша нақты педагогикалық зерттеулер жүргізу мүмкіндігі туды.

Жоғары оқу орындары мен мектеп мұғалімдерінің ынтымақтастығы кезеңі өте жемісті болды, оның нәтижесі ең жоғары деңгейде орындалған үш докторлық және жеті кандидаттық диссертациядан көрініс тапты.

#### **Докторлық диссертациялар:**

“Жоғары сынып оқушыларының саяси мәдениетінің негізін қалыптастыру”, 1993 ж. (Жанпейісова Қ.Қ.);

“Қазақ халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие”, 1993 ж. (Ұзақбаева С.А.);

“Жеке тұлғаны бағдарлау құндылықтар жүйесінің психологиялық-педагогикалық негіздері”, 1993 ж. (Нұрғалиева Г.Қ.).

#### **Кандидаттық диссертациялар:**

“Оқушылар ұжымын дамыту процесіндегі өзін-өзі басқару жүйесі”, 1991 ж. (Ақжалов Б.);

“Ауыл мектебінің оқу-тәрбие процесіндегі мектептің телевизиялық-техникалық орталығын пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері”, 1992 ж. (Нұрғалиев Т.Қ.);

“Тәрбие жұмысы процесінде жасөспірімдерде ұлтаралық қарым-қатынасты қалыптастыру мәдениеті”, 1992 ж. (Дүсіпова Р.А.);

“Қазақ ән-шығармашылығы арқылы оқушыларды музыкалық-эстетикалық тәрбиелеу”, 1992 ж. (Дүйсембина Р.К.);

“Бастауыш класс оқушыларының сәндік-қолданбалы өнерге эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру”, 1993 ж. (Жолдасбекова С.);

“Қазақ халқының айтыс өнері арқылы оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру”, 1994 ж. (Асанова У.);

“Жоғары сынып оқушыларын жанұялық өмірге дайындауда халықтық дәстүрлерді пайдалану”, 1994 ж. (Сәкенов Ж.);

“КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлының жаңашылдық қызметінде педагогикалық идеялардың дамуы”, 1996 г. (Кулшімбаева Б.С.);

“Жоғары сынып оқушыларының кәсіптік-құндылық бағдарын қалыптастыру”. 1996 ж. (Кұдышева Б.К.);

“Жоғары сынып оқушыларында ауыл шаруашылығы менеджері кәсібін бағдарды қалыптастыру”, 1994 ж. (Тохтарова Г.);

“Ауыл мектебінде дифференциалды оқыту жағдайында жеке тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру”, 1995 ж. (Тайбағаров С.);

“Оқу процесін оқушылардың білім деңгейін көтеру құралы ретінде жеке тұлғаландыру”, 1997 ж. (Құсайынов М.).

Осының нәтижесінде шығармашылық топ құрылып, оның құрамына доценттер, аспиранттар, педагогика кафедрасының ізденушілері және мектептің мұғалімдері кірді. Абай ат. АҰУ тарапынан ғылыми-оқу-әдістемелік комплексінің (ҒОӘК) мүшелері мектепке келіп, ғылыми жұмыстар ұйымдастырып, оның барысында ауыл халқымен кездесулер, ауданның ұстаздарымен ғылыми-практикалық семинарлар өткізілді. Ауыл мектебінің базасында бірінші рет, этнопедагогика мәселелері жөнінде, Монғолия өкілдерінің қатысуымен халықаралық конференция ұйымдастырылды, – деп осы жылдарды профессор *Қорлан Қабыкенқызы Жампейісова*, *Сақыпжамал Асқарқызы Ұзақбаева*, *Светлана Исламқазықызы Қалиева* еске алады. – 90-шы жылдардың басында мектепте алғашқы компьютерлік сыныптар, өзінің жеке телестудиясы болды. Телестудияға негізделген белсенді жұмыс нәтижесінде, оқушылардың телережиссер, журналист, тележүргізуші сияқты шығармашылық мамандықтарды игеруіне мүмкіндік туды.

Мектеп оқушылары сол алуан түрлі қызмет түрлеріне, оның ішінде шығармашылық сипаттағы қызметтерге тартылды. Өз театрында әртүрлі рөлдерді ойнап, әртүрлі үйірмелерге, шығармашылық ұйымдарға тартылды. Жергілікті тұрғындар алдында концерттер берді.

Кәсіпкерлік қызмет түрлері кеңінен дамыды, мектептің іс тігетін шеберханасында оқушылар халықтың тапсырыстарын орындады, мал бағатын бригадаларда жұмыс істеп, еңбектері үшін жалақы алды.

Әрбір сыныптың радиосы, телевизиялық және телефондық нүктелері болды. Бұл өкімшіліктің мұғалімдермен және оқушылармен үнемі байланыста болуына, кез-келген сабақта бейнефильмдерді пайдалануға мүмкіндік берді. Мұғалімдерге үнемі қамқорлықтар жасалды. Мектепте әрбір мұғалімге арналған жеке шкаф, демалыс бөлмесі, әдістемелік кабинет және кітапхана бар. Аталғандардың барлығы, Боран мектебінде шығармашылық ахуалдың қалыптасқанын көрсетеді. Нұрғалиев Құмаш Нұрғалиұлының мектебі ХХІ ғасырдың мектебі болды, деп айтуға болады”.

“... Бізге, зерттеу жұмысымен жаңадан айналысып жүргендерге, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері қамтамасыз етілген қашықтағы ауыл мектебінде Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің мектеп-гимназиясындағы педагогикалық шығармашылық ұжымы бағыт берді. Біз онда ғылыми конференцияға, семинарларға, дөңгелек столдарға, мәдени-көпшілік шараларға қатысуға, оны ұйымдастыруға және өткізуге белсенділік таныттық.

Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық мұрасына үңілу белгілі жағдайда біздің кәсібімізді жетілдіруге өзіміздің жеке басымыздың қалыптыруымызға ықпал етті. Біз Халық мұғалімі Нұрғалиевтің, үлкен ұстаздың прогресшіл тәжірибесін және рухани қайнарын бойымызға сіңіргеніміз үшін тағдырымызға ризамыз...” (*Бұрынғы аспиранттар, қазіргі доценттер, п.ғ.к. Б.С. Кулшімбаева және Б.Қ. Құдышева*).

“Зерттеу жұмыстарын орындай жүріп, біз жағдайға байланысты Нұрғалиевтардың отбасында айлап, кейде жылдап бірге тұрып жаттық. Олардың үйіндегі үлкен асхана ҒОӘК мүшелері келген кезде аудиторияға айналып кететін, мұнда мектептегі сабақтан кейінгі біздің жұмыстарымыз түн ортасына дейін қызу талқыланатын. Оған Құмаш Нұрғалиұлының қатысуы ерекше шығармашылық серпіліс туғызатын” (*Бұрынғы аспиранттар, қазіргі доценттер, п.ғ.к. В.Т.Ақжалов және Р.А. Дүсіпова*).



*Профессорский состав кафедры педагогики АГУ им.Абая*



*Участники научно-практической конференции НУМКа по проблемам развития сельской школы, 1990 г.*



*“ Ауыл мектебін басқару және білім беру сапасын арттырудың тиімді жолдары ” республикалық семинарға қатысушылар.  
Алматы, 13-15 мамыр, 2003 жыл.*

КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлының азамат-патриот, жаңашыл-ұстаз, жаңа типтегі мектептің жетекшісі ретіндегі өмірлік қызметінің тарихи-педагогикалық сипаттамасы, қазіргі заманғы мектеп директорының жеке тұлғасын анағұрлым байытады.

Бүгінде мұғалімдер қызметін ортақтастыра отырып, мемлекеттік және қоғамдық тапсырмаларды қызғылықты, тартымды, жан-жақты орындауға ұмтылады. Олар шәкірттің мүмкіндігін іс жүзіне асыруы оның ұйымдастырушылық және басқарушы қабілетін дамытуға тәуелді екенін түсінетін. Шын мәнінде мектепте оқи жүріп өз қабілетін дамытуға үйрену керек: мақсатты анықтау және тапсырманы жіктеу, көптеген істің ең бастысын таңдау, жұмыс барысында өңдеулер енгізу, түрлі жағдайда талдай білу, қателікті алдын-ала көру.

Қызмет жасаудың жаңа түрі табылды – мектепте “Мұрагер” балалар республикасы құрылды.

Мұрагердің Президенті ашық демократиялық қоғамның барлық ережесіне сәйкес өткізіледі: сайлау алдындағы науқан, кандидаттардың дайындығы және өз бағдарламасын қорғауы, салтанатты жағдайда жасырын жолмен дауыс беру арқылы оны сайлау, одан әрі таққа отыру басталады. Президент Министрлер кабинетін басқарады, оқушылардың ұйымына жетекшілік етеді. Педагогикалық ұжым мен бірге сайланған президент пен министрлер кабинеті жалпы мектептік шаралардың барлығын жоспарлайды және өткізеді: мектептегі баспасөз жұмысын ұйымдастырады, үлгерімге талдау жасайды және нашар үлгеретіндермен нақты жұмыс жасауды іске асырады, жарыс өткізеді, мектепті гүлдендіруге және көгалдандыруға ат салысады, спорттық және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастырады. Педагогикалық ұжым мен балалар республикасының жетекшілері сынып ұжымдарын басты назарда ұстайды. Олар ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық тәсілді басшылыққа ала отырып, ұжымның құрылымына және оқушылардың өзара әрекеттерінің мән-мазмұнына көңіл бөледі. Бұл оларға ұжымды қалыптастыруға ықпал етуге, қажет болған жағдайда балалардың қарым-қатынасын орнықтыруға көмек береді.

Мектептегі өзін-өзі басқарудың пәрменді көрінісі жеке ақпараттық көпшілік құралға (АКҚ) ие болуымен айқындалады. Мектеп-гимназияда апта сайын екі газет – “Школьный вестник” және “Жас қалам” шығады, олар мектеп өмірінен хабар береді. Мұғалімдермен бірге болашақ политологтар және журналистер өздерінің қалам қарымын сынайды. Баспаға жариялайтын өзекті материалдарды таңдау, ақпараттарды іріктеу, материалдарды берудің жанрын анықтау, газетті көркемдеу, компьютерге теру – осының бәрін балалардың өздері М. Жанасова, С. Ықсанова, Г. Пшенчинова, Р. Беғалиева сияқты мұғалімдердің көмегімен атқарады. “Школьный вестник” оқушылар газетінің редакциясында ең алғаш ұстаздық еткен орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, талантты Нұржамал Әнуарбекқызы Садықова болды. Ол өз оқушыларының баспасөзге деген сүйіспеншілігін оята білді.

Мектеп газетінің жұмысына, орыс сыныбын бітіруші Подойникова Александраға журналистік мамандықты таңдай білуге елеулі ықпал еткен, қазақ тілін өте жақсы білетін мұғалім С.М. Ықсанова оның ШҚМУ журналистика факультетіне жоғары балмен грант арқылы түсуіне зор көмек берді. Қазірде университетті үздік бітірген Саша журналистік қызметке кірісіп кетті.

Мектеп-гимназияны өте жақсы бітіргендердің бірі Көксегенова Айнаш әл-Фараби атындағы ҚазҰМУ-дің журналистика факультетін аяқтаған соң журналистік қызметпен жемісті шұғылданып келе жатқанын еске салу орынды. Оның жұмыстары түрлі басылымдарда жарияланды және кітаптарына енді.

Газет материалдары мектеп-теледидарларының бағдарламасында көрініс тапты. Мұның өзі мектептің өзін-өзі басқаруының қуатты құралдарының бірі болып табылады.



*Мектепті техникалық жағынан жабдықтауды мектептің телевизиялық-техникалық орталығы (МТТО) арқылы дамытудың педагогикалық идеясы, қазіргі кезде телевиденияны жетілдіру технологиясымен және ақпараттық-коммуникациялық технология (АҚТ) негізінде білімді ақпараттандыру идеясымен байланысты.*

“МТТО өзінің лайықты бағасын алды, қазіргі кездегі ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектеп үшін алға қойған құралдарының бірі МТТО. Бұл қысқартылған сөздерді педагогикаға енгізген біз болғанымызды мақтан етеміз, – деп ой бөліседі Талант Құмашұлы – Қазіргі МТТО аналогиялық форматты цифрға ауыстырады. Ол жаңа компьютерде 10Гб жедел есте сақтау қуаты арқылы дискісі 120 Гб көлемді бағдарламалық өндеуді сақтай алатын таңбасы Adobe Premiere – 6.5. топтасады. Процессорде бейне-аудио, шығу-кіру “тюльпан” типті қуаты аз өткізгіштерді аналогиялық іске қосуға мүмкін береді. Бұл мектеп, ауыл, көлемінде дыбысты қабылдауға техникалық құралдардың тасқынында қазіргі рынокта ұсынып отырған МТТО сіздің кез келген талабыңызға жауап береді.

Біздің жұмыс тәжірибеміз ауыл мектебін ерекшеліктеріне қажеттілерді айқындай алады. МТТО бәрінен бұрын ауылдағы білім беру ортасын байыта түсуге қабілеттендіреді. Қазіргі өзінің бағдарламасы арқылы ауыл мен таяу жердегі мектепте МТТО жаңа үлгісі енгізілген. МТТО өзінің хабар беру деңгейінің кеңейе түсуіне байланысты жақын маңдағы шағын мектептерді қалыптастыру үшін тиісті база болып табылады.

Балалардың цифрлы техника мен қазіргі АҚТ қатынас жасауында МТТО-ның педагогикалық маңызы өте зор. Оқушылардың жұмыс түрлері айтарлықтай кеңіді: принтермен, скайнермен, WEB камерасымен, FLASH анимациялық бағдарламасымен, т.б. жұмыс істеу артты.”

“Мектеп, ата-ана және қауымдастықтың өзара қарым-қатынастық жағдайында МТТО құру идеясы әкемнің кезінде, телеорталық құрған кезде пайда болған еді. Оны толық жүзеге асыру 1990 жылдың басында мүмкін болды, – деп еске алады *Т.Қ.Нұрғалиев*. – Боранда шамамен 2,5 мыңдай тұрғын бар. Хабарды кем дегенде мың тұрғын көреді. Мұндай көп адамды қандай Мәдениет үйі немесе акт залы сидыра алады? “Біздің сұхбат” айдарымен берілетін хабарға совхоз, аудан басшылары, совхоздың басты мамандары, аудандық және ауылдық кеңестің депутаттары қатысады. Оларға тұрғындар өздерін толғандырып жүрген сауалдарын қояды. Сондай-ақ, ақындармен, жазушылармен, мәдениет қызметкерлерімен кездесу өткізіледі. Мұның өзі балалардың және олардың ата-аналарының рухани танымын кеңейте түседі. Телеорталық, сонымен қатар, Борандағы бөлімшелік, орталық, аудандық ауруханаларға дәрігерлерді шақырып, хабарға қатыстырады”.

МТТО “Мұрагер” балалар республикалық өзін-өзі басқару тетігінің негіздерінің бірі болып табылады. Бұл мектеп ішіндегі, мектеп сыртындағы басқару үшін нағыз көпшілік ақпарат құралдары!

Оның дербестік құндылығы оқушылардың хабарды өздері ұйымдастырып, түрлі кәсіптік қызметтерді: бағдарламаның редакторы, режиссеры, дизайнері, операторы міндеттерін атқара алатындықтары. Мұның өзі бастауыш сыныптан басталады.



*Бастауш сыныптың оқушылары «Ерте, ерте, ертеде...» атты телевизиялық бағдарламамен жұмыс үстінде*

ҚР БҒМ Республикалық ғылыми-әдістемелік білімді ақпараттандыру орталығының (РБАО) және “КАТЕЛКО” ЖАҚ-ның ұйымдастырумен 2001 жылғы қыркүйекте ашылған “Қашықтан оқыту серіктестік арнасына” (ҚОСА) байланысты МТТО хабарлары жаңара бастады.

МТТО мектеп бағдарламаларының оқу бейнефильмдерінің банкіні қалыптастырды. ҚОСА бойынша РБАО жаңалықтары күнделікті беріліп тұрды. Өртүрлі пәндер бойынша оқыту бейнефильмдері бір айда 40 сағат көрсетілді. Төрт жылда МТТО көлемінде білімнің әр саласына байланысты 300-ден астам бейнефильм жинақталды. Бұл сабақ қана емес, сонымен бірге білім берерлік бағдарлама. Бұларды білім беру саласында мұғалімдер белсенді пайдаланады. Көптеген материалдар мұғалімдер үшін беріледі: мұғалімдердің республикалық жарысы толық көрсетіледі; ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтің дарынды балалармен, мұғалімдердің шығармашылықпен айналысатын тобымен кездесулері беріледі. Бұл хабарлардың құндылығы оның авторлары жетекші ғалым-әдіскерлер, Алматының таңдаулы мұғалімдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары.


ҚР БҒМ РБАО және білімді ақпараттандыру технологиясы жөніндегі ЮНЕСКО институтының ұйымдастыруымен жүзеге асырылған “ҚР ауыл мектептері үшін қашықтан оқыту” жобасын мектеп қызу қолдады. Осы жоба деңгейінде қашықтан оқыту технологиясын меңгеруде белсендік танытты. Қайтарым байланысты Интернет іске асырады. Әрбір білім алушының “Прометей” компьютерлік арнайы бағдарламада бекітілген, мәскеулік өріптестер О.Богомоллов пен В.Гаркуша өңдеген өз коды бар. Бұл шәкірттердің электрондық оқулықтар мен оқу фильмдерінен қосымша ақпараттар мен арнайы тапсырмалар алуына, сауалдар қоюына мүмкін туғызады. Оқушыда сауал пайда болған кезде ол телефон соғып, “КАТЕЛКО” провайдеріне модем арқылы қосылады және өзінің сауалын жібереді. Сауал “КАТЕЛКО” провайдеріне жеткен кезде HUB “КАТЕЛКО” арқылы серіктестік арна жұмыс істей бастайды. Жауап серіктестік арна арқылы цифрлы теледидар хабарына түседі де оқушы компьютердегі жауапты ала алады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның (АКТ) педагогикалық мүмкіндігі мұғалім мен оқушының өз идеясын қашықтан оқыту арқылы іске асырады. Бұл үздіксіз білім алуға, өмір бойы оқуға, ертеңгі күні, келешекте жоғары оқу орнының студенті, маман болғанда қашықтан оқыту негізі кәсіптік білімді одан әрі жетілдіруге өте маңызды. Кең байтақ Қазақстан жағдайында мұндай білім берудің үздіксіз білім алуға өте зор септігі тиеді.

“ҚР ауыл мектептері үшін қашықтан оқыту” жобасы ҚР БҒМ РБАО өңдеген мектептегі электрондық оқулықтарға (ЭО) және мультимедиялық оқыту бағдарламасына (МОБ) негізделіп жасалған. Алғашқы ЭО 1998 жылдан бастап мектепте сынақтан өте бастады. Бұлар ауыл мектептері үшін баға жеткісіз құнды: білім беру ортасын айтарлықтай кеңейтеді, мұражай, кітапхана, мұрағат материалдарымен кеңінен танысуды жүзеге асырады; оқу процесін автоматтандырады; оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуі және мұғалімдердің әдістемелік өсуі үшін нақты жағдай жасайды.

# ДИСТАНЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ СЕЛЬСКИХ ШКОЛЬНИКОВ

РЦИО является одним из 34 "Focal point" Института ЮНЕСКО



## РЕЗУЛЬТАТЫ ПОСТУПЛЕНИЯ ВЫПУСКНИКОВ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ШКОЛ В ВУЗЫ

**Гимназия "Умит", Теректинский район, ЗКО,  
вошла в число 100 лучших школ:**

2002г. – гранты получили 0 выпускников, кредиты – 0.  
2003г. – гранты получили 17 выпускников, кредиты – 3.  
2004г. – гранты получили 16 выпускников.

**Школа-гимназия Народного учителя СССР К.Нурғалиева, ВКО:**

2002г. – гранты получили 9 выпускников, кредиты – 6.  
2003г. – гранты получили 8 выпускников, кредиты – 3.  
2004г. – гранты получили 19 выпускников, кредиты – 4.

**Школа № 3, Курчумский район, ВКО:**

2002г. – гранты получили 5 выпускников, кредиты – 6.  
2003г. – гранты получили 5 выпускников, кредиты – 6.  
2004г. – гранты получили 16 выпускников, кредиты – 6.

**Большая Владимировская школа, Бескарагайский район, ВКО:**


2003г. – гранты получили 8 выпускников, кредиты – 1.  
2004г. – гранты получили 10 выпускников, кредиты – 4.

**Средняя школа имени К.Сатпаева, Таскалинский район, ЗКО:**

2002г. – грант получил 1 выпускник, кредиты – 2.  
2003г. – гранты получили 8 выпускников, кредиты – 1.  
2004г. – гранты получил 1 выпускник, кредиты – 1.

**Средняя школа №1, Аюкайский район, ЗКО:**

2002г. – гранты получили 4 выпускника, кредиты – 4.  
2003г. – гранты получили 5 выпускников, кредиты – 4.  
2004г. – гранты получили 5 выпускников, кредиты – 3.



МТТО қызметінің тиімділігі мұғалімдер мен оқушылар қатыса отырып, қашықтан оқыту жобасының деңгейін анықтайтындағы, қазіргі АКТ негізінде электрондық дидактикалық оқу-құралдарын жасай алатындығында.

Тестілеу жөнінде компьютерлік бағдарлама алғаш игерілді. Мысалға, Қазақстан тарихы мен қазақ тілі бойынша 2002 жылы информатика мұғалімі Раушан Нұрсаханова электрондық тест құрды. Қазірде әр мұғалімнің өз тестілік нұсқалары бар.

Енді олардың сабақтарында дайын ЭО пайдаланылып қоймай, сонымен қатар, өздерінің электрондық дидактикалық құралдарын жасауға, компьютерлік технологиямен айналасуына мүмкіндік бар. Орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі Ш.Т.Демеубаева дифференциалдық технология деңгейін жақсы меңгерген, ал ағылшын тілінің мұғалімі С.А. Еркешева ауыз-екі сөздерді дамыта түсу технологиясын жақсартқан. Бастауыш білім кафедрасының меңгерушісі Р.К. Наурызбаева ұжымдық оқыту әдістемесін, балалармен жұмыс істеу технологиясын жақсы жолға қойған. Бастауыш сынып мұғалімі К.Т. Тұрғанбаева сабақта ойын технологиясын пайдалана алады. Физика мұғалімі Б.Б. Елубаев оқыту технологиясын дамыта түскен.

Бірінші рет оқушылар арасында интернет зерттеу проблемалары өткізілді. Семей ядролық полигонына байланысты Интернет материалдарын зерттеу оқушыларды қатты қызықтырды. “Семей полигонының Боран ауылы тұрғындарының денсаулықтарына әсері” ғылыми жобасының құндылығы мен ерекше маңыздылығын байқау төрешілері атап өтті. Бұл жобаны 11 қазақ сыныбының оқушысы Алмас Наурызбаев Т.Қ. Нұрғалиевтің жетекшілігімен орындаған еді.

Мектепте оқушылардың үлгерімін және алған бімінің сапасын, сабақтағы мұғалімдер мен оқушылардың қызметін мониторинг ұйымдастыруда компьютер тиімді пайдалана алады.

Мектепте әрбір сыныптағы үлгерім, әрбір пән мектеп бойынша анықталады. Мониторинг әр тоқсан сайын қорытынды шығарады. Мониторинг арқылы алынған барлық мағлұматтар электрондық журналға тіркеледі. Мониторингтің нәтижесі бойынша барлық ұжым сыныптары, жекелеген оқушылар оған қатысты барлық адам білім берудің келешегін анықтайды. Мұғалімдердің мониторинг мақсатында “Сабақтағы мұғалімнің қызметіне баға және электрондық байқау парақ”, “Сабақтағы оқушының қызметіне баға және электрондық байқау парақ” өңделген. Мұғалімнің қызметіне талдау 17 параметр бойынша, ал оқушылардың қызметіне талдау 11 параметр бойынша жүргізіледі. Электрондық парақты жеке мұғалім талдаушының (эксперттің) пікіріне сүйене отырып толтыра алады немесе әрбір сабақ толық талдаудан өткеннен кейін мұғаліммен бірге үш балды жүйе бойынша әр мұғалім электрондық диагностикалық карта толтырады, оның өзінде мұғалім жетекшілік ететін орынбасармен, мұғалімнің жетістігін, педогогикалық қызметін анықтайтын талдаушымен бірге анықтайды, елеулі өңдеулер жасайды.

Мектептегі ауыл мәдениетін орталықтандырудың педагогикалық идеясы-Құмаш Нұрғалиұлының педагогикалық тұжырымдамасындағы жүйемен және оқушының мәдениетін арттырудағы жалпы мәселемен байланысты.

Құмаш Нұрғалиұлының көзқарасынша, тәрбиелік мүмкіндіктер өнердің өзі сияқты адамдарды мектеп шығармашылығының әртүрлі ортасына араластыру және әйгілеу. Өнерге қатыса отырып, әрбір жеке тұлғаның рухани мәдениетінің құрылуына салмақты үлес қосатын эстетикалық тәрбиенің маңыздылығын ол өте жоғары бағалады. Сондықтан оның тұжырымдамасындағы эстетикалық тәрбиенің мазмұны көркем мәдениеттердің қарым-қатынасына бағдарланды. Құмаш Нұрғалиұлы эстетикалық тәрбиені әр алуан түрі мен жүзеге асыру тәсілдері бар аса маңызды өнеге ретінде қабылдады. Бұл тек қана өнердің тәрбиеге әсері ғана емес, тұрмыс ортасының, табиғаттың да эстетикалық ғибраты деп білді. Сонымен қатар, ол жағынан, әдебиеттің, кескіндеменің, кино, театр, сәулет өнерінің, екінші жағынан ұлттық және жалпы адамдық мәдениеттің өзектенуі, деп түсінді.

Сондықтан, Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлының ауылдық мектеп-гимназиясы, көркем-эстетикалық орталықтар: мұражай, галерея, дискотека, концерт залы, әдеби салон, елтану мұражайы, спорт алаңы бар демалыс бақтарын қосатын кешенді әлеуметтік мәдениетті институт ретінде танылды.

Бұл педагогикалық идеяның шығармашылық дамуы, туған мектебінің көркем-эстетикалық безендірілуінің бейнесінен көрінді.

Мектеп көше бетіндегі есіктен басталады. Кіре беріс қақпаларда мектеп тәрбиеленушілерінің ерекшелігі мен жетістіктерін әйгілейтін сегізбұрыш-жұлдызшалар ойып жасалған. (“Сегіз қырлы бір сырлы”). Әрбір жұлдызша – оқушы, болашақ Ұлы даланы құрушы және жеке тұлға. Мектеп мұражайлары мен тақырыптық залдарында көрсетілген әртүрлі қырларынан жинақталған бір “шаңырақ” астында жұмыс жасайды. Мұғалімдер мектеп үлгісін жақсартуда барлық мүмкіндіктерін қолдануға тырысады. Оларда ұлттық сәулет элементтері байқалады.

Қазақстан Республикасы залы. Ұлы ағартушы Абай мен жерлес-прозашы Оралхан Бөкеевке арналған залдар. Әскери Даңқ залдары. “Мұрагер” балалар ұйымының және “Балбөбек” сәбилер залы.

Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлының мұражайы-мектеп жүрегі. Мұражай материалдары мен экспонаттары оның өмір парақтарын ғана бейнелемейді, ол Боран мектебі мұғалімдерінің барлық шығармашылық жолын көрсетеді.

Мұражай жетекшісі А.Б.Дүйсембаева – Құмаш Нұрғалиұлымен бірге көп жыл еңбек еткен адам. Бакан Алдажарқызы, мектеп басшысының орынбасары ретінде мектеп мұражайына келушілермен, оқушылармен ой бөліседі. Сол кісінің басқаруымен жинақталған бағалы қордан біздің мұғалімдер тәрбиелік жұмыс атқарады. Мұғалімдердің көмегімен оқушылар тақырыптық материалдарды жинақтап, өңдеп, есептеуде мұражай ісіне үйренді.





Адамды жоғары ұлтаралық қатынас мәдениетінде тәрбиелеу, деп есептеген Құмаш Нұрғалиев, өз ұлтына қатысты жақсылықтардың бәрін бойына жинап, туған елінің мәдениетін санасына сіңіріп, басқа халықтардың рухани құндылықтарын қадір тұтқанда ғана табысқа қол жеткізеді. Мектепте жүргізілетін эстетикалық тәрбиеде ұлттық, ұлтаралық және әлемдік мәдениетті өзара байланысты принципте құрғанда ғана табысқа жеткізеді. Оқушы өзін туған халқының перзентімін, отанымның азаматымын, өркениеттің нысаным деп сезінуге тиіс. Мұның өзі баланы ұлттық қазыналарымызды, халықтардың ұлттық ерекшеліктерін, басқа ұлт өкілдерін түсінуге, құрметтеуге қабілеттендіреді.

Педагогикалық ұжымның қызметіндегі маңызды принциптерінің өзінде оқу-тәрбие процесінде әдебиет, өнер, тарих, тіл, басқа халықтардың ұлттық салттары, әлемдік өркениет туралы маңызды ақпараттар көп болу қажет.

80-жылдары ұйымдастырылған “Журавушка” интернационалдық достық клубы жастарға іскер қарым-қатынастар жүйесін біріктіруге, түрлі ұлт оқушыларын өзара емін-еркін қарым-қатынас жасауға қабілеттендірді. Бұл тұрғыда клуб мүшелерінің телехабарларға тұрақты қатысып, эфирге шығуына жағдай жасаған МТТО зор рөл атқарды. Хабарларды дайындау барысында оқушылардың түрлі қызметі: шығармашылық көркем ақпараттық насихат, шешендік сөйлеу, бағалау сияқты қабілеттері танылды. Оқушыларды, әсіресе, “Тамаша адамдардың өмірінен”, “Ауыл тұрғындары туралы”, “Туған жерімнің тарихы жөнінде”, “Өнер әлемі” хабарлары ерекше қызықтырды. Ауылдағы мектеп білім беру мекемесі ғана емес, ауылдың мәдениет орталығы да. Бұған Боран тұрғындарының елеулі оқиғалары: үйлену тойы, мерейтой, басқа да есте қалатын күндердің мектепте өткізілетіндігі ешкімді де таңғалдырмайды. Мұндай күндері қуанышқа жиналғандар Құмаш Нұрғалиұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қояды, мектеп мұражайын аралайды, мектеп жанындағы мешітте неке қию рәсімін өткізеді.

Жер сілкінісі кезінде күл талқаны шыққан мектептегі акт залының орнына ауыл тұрғындарының шешімімен мешіт салу көзделген еді, бірде бір мешіт жоқ болатын. Соны ескерген ауыл тұрғындары К. Кәріпбаева, О. Елеубаева, С. Шериязданов, С. Раимбекова, мектептің қызметшілері мен мұғалімдері: Б. Тастанбеков, М. Рамазанов, Р. Силыбаев, О. Айманбетов, К. Нұрғалиев, Н. Буфалова, Р. Мәденова, В. Машутина, М. Айтпаев, А. Әміров, Д. Елубаев құрылыс жұмысына белсене қатысты.

Ауыл мешітінің салтанатында жас мұғалімдердің некелері қиылды. Бүгінде ауыл тұрғындары мешітке келіп, түрлі діни рәсімдерін өткеседі, ұрпақ тәрбиесіне қатысты ғасырлар бойы жинақталған халқымыздың әдет-салтын, тәжірибесін ұтымды пайдалана алады. Ең бастысы адамның рухани жанын түлетіп, олардың бір-біріне деген қадір-құрметін, силасымдығын арттырып, өзара келісім жағдайында өмір сүруге, сөл қателіктеріне кешіріммен қарауға үйретеді. Бүгінгі шындық, әлемдік өркениеттегі діни талап осыны қажетсінеді.

Ауыл мешітінің тәрбие берерлік жағы көп. Жастардың рухани жағынан кемелденуіне адамға деген ізгілік жақсылықтың қалыптасып дамуына ықпал жасайды. Үлкенді сыйлау ата-баба салт-дәстүрлерін білу, оларға құрмет көрсету жастардың адамшылық қасиеттерін, міндет мақасатын айқындайды. Сондай-ақ олардың өмірге деген өзіндік көзқарастары қалыптасады.

“Сазсырнай” ансамблі – мектеп мақтанышы. Ол 1999 жылы қазақтың ежелгі музыкалық аспабының негізінде құрылды. Ансамбльдің 16 орындаушысы өз шеберліктерімен ауданның ғана емес, облыс және республика тыңдармандарын таң қалдырды. “Сазсырнай” көптеген музыкалық байқаулардың лауреаты болды.

1999 жылы ансамбль облыстық телевидениеге Мұғалімдер күнін тойлауға шақырылды. 2000 жылы арнайы музыкалық мектептердің жас музыканттарының облыстық байқауында 1 орын, республикалық байқауда 2 орын алды. 2001 жылы ансамбль Майра Уәлиқызы атындағы I Халықаралық музыкалық конкурстың лауреаты атанды. Конкурстың әділқазылар алқасы Роза Бағланова, Майра Мұхамедқызы, Марат Балтабаев, Ілия Жақанов және басқалар ансамбльдің жоғары орындаушылық деңгейін ескеріп өтті.

Сол кезде ансамбльдің кішкентай солисі Алуа Нұрмұханбетова “Дыбыстар мұражайы” атты Юрий Аравиннің телевизиялық бағдарламасына қонақ ретінде қатысты. Қазақстан тәуелсіздігіне 10 жыл толуына орай 2001 жылы фильм түсіру барысында, шалғайдағы Боранға барып ежелгі музыкалық аспапта ойнаған сәтті таспаға жазып алған, атақты саяхатшы әрі ғалым Юрий Сенкевич өзінің таңғалысы мен таңданысын “Біз осындай ежелгі аспапты қазіргі заманда кездестіреміз деп күткен жоқпыз”, – деп жеткізеді.

“Сазсырнай” ансамблінің жетекшісі, ән сабағының жоғары санатты мұғалімі, ҚР ағарту ісінің үздігі, ҚР Тәуелсіздігі 10 жылдығында медальмен марапатталған Медет Шаханов әрдайым шығармашылық ізденісте. 2005 жылы “Балдәурен” аудандық балалар шығармашылығы фестивалінде ансамбльдің домбырадағы солисі Бақыткүл Сатекованың I-орын алуы осыған дәлел.

Мектепте би ансамблінің бірнеше жас топтары: “Еркем-ай”, “Балдаурен”, “Балауса”, “Айгөлек” жұмыс жасайды. Өсемдік, ырғақ, қимыл нәзіктілігі – осының бәрі жас топтан дағдыланады. Мектеп бишілері – облыс, аудан байқауларының, мейрамдарының құрметті қонақтары. 2000-2002 жылы би топтары әр түрлі байқауларда I-орын, аудандық байқаудың Бас жүлдесін иеленді. 2002-2004 жылы ансамбльдер концерттермен жақын ауылдарға шығып отырды. 2005 жылы бишілер аудандық балалар шығармашылығы фестивалінде “Көрермендер көзайымы” жүлдесін жеңіп алды.

Би топтарын ұйымдастырған ән, музыка пәнінің мұғалімі Г.М.Рамазанова. Би тақырыптамалары, суреттері, киімі – бәрі Гүлдана Медетқызының үнемі ізденісі мен шығармашылығының жемісі. Би үйренуге тілек білдірушілер саны жылдан-жылға артуда!

Еңбек пәнінің мұғалімі Лиза Илияқызы Рамазанованың өз қолымен көркемөнерпаздар мүшелеріне тігілген жарқыраған, ерекше костюмдері көрермендер есінде мәңгілікке қалады. Ол көп жыл бойы оқушыларына тігіншілік өнерінің шеберлігін үйретуде.

1988 жылы “Еділ тур” туристік фирмасының президенті Балажанов Еділдің қолдауымен 40 оқушы Польша Халық Республикасына саяхат жасады.

Мұнда олар тарихи қалаларды аралап көрді, шетелдік құрдастарымен қарым-қатынас жасауға мүмкін алды.

1992 жылы қазақстандық және монғолдық педагогтар Халықаралық деңгейде өзара қарым-қатынас жасады. Монғолияға сапар мектеп мұғалімдеріне зор әсер етті, ондағы халықтық педагогиканың дамуымен танысты. Ал өз кезегінде монғолдық мұғалімдер КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің мектеп-гимназиясының мұғалімдерінен қызғылықты тәжірибелер жинақтап қайтты.



Оқушыларды сымбатты қылып дайындауға, балаларды жарқын өмір сүруге қалыптастыруға мектептің педагогикалық ұжымы зор көңіл бөлді.

Мектептің тәрбие жүйесінде “Денсаулық бағдарламасы” болды.

Мектепте жұмыс істейтін бес спорт залы оқушыларға қызмет етті. Сол залдардың бірі еркін күреспен айналысуға арналған. Оған қажетті спорт құралдарын мектептің бұрынғы түлегі Самат Рамазанов қамтамасыз етті. Мұнда оқу жаттығуларымен қатар аудандық түрлі жарыстар да өтеді.

Дене шынықтыру мұғалімі, жаттықтырушы, ұлттық деңгейдегі төреші А.З.Әміров ауыл мектебінің жағдайында белгілі палуандар тобын дайындап шығарды.

Дене шынықтыру мұғалімі Ж.Д.Дүтбаев жеңіл атлеттер мен жаттықтыру залында болашақ шеберлерді дайындайды. Залдың ішін дене шынықтыру және еңбектен сабақ беретін мұғалімдер құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді. Жаттықтыру залын ашқан кезде аудан әкімі Қонысбай Қойшыбайұлы Төлеубеков залда төсейтін сыйлықтарды спортшыларға тарту етті.

Волейболмен шұғылданатын зал ешқашан бос тұрмайды. Мектептегі волейбол дәстүрін, В. Попов пен С. Тастамбеков қалыптастырған жақсы бастаманы дене шынықтыру мұғалімі М.С. Айтпаев одан ары жалғастыруда. Ол аудан құрамасының мүшесі.

Облыстық ІІБ волейбол жөніндегі құрамасының мүшесі Өтеев Ернар команданың құрамында республикада бірінші орынға ие болды.

Біздің мектептің түлегі Құмаш Мәдина қазақ қыздарының ішінде бірінші болып ауыр атлетикадан халықаралық деңгейдегі спорт шебері атанды.

2005 жылғы түлектер, апалы-сіңілілер Марина мен Зоя Чехно облыстық ойындарында жүлделі орын алды.



Министерство образования и науки Республики Казахстан

**«ЛУЧШАЯ ШКОЛА - 2005»**

*За целенаправленную работу по выявлению  
и развитию одаренных детей, высокий уровень  
подготовки учащихся школы к  
Республиканской олимпиаде школьников  
по общеобразовательным предметам,  
присуждается звание  
«Лучшая олимпийская школа - 2005»*

*школа - гимназия имени народного героя Б. Нурголова*

Председатель оргкомитета,  
Вице-министр



*Ш.Алимов*

К.Н. Шамширханов

Тельдоморган. апрель 2005 года



Тұржанова Динара мен Төлеубаев Медет “Таза орта”, “Қазақстан-2030” стратегиясын іске асыру негізі” бағытындағы байқауға қатыса отырып ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері: Боран мектебінің түлегі, профессор, биология ғылымының кандидаты – Прокопов К.П, мұғалімі – Дүйсембаева Б.А.

Шүкетаева Меруерт, “Менің болашақ мамандығым” шығармалар байқауының қатысушысы, ШҚМУ ректорының грантының иегері.

10 сынып оқушысы Сачук Анжелика қазақ тілінен Республикалық олимпиадада ІІІ жүлделі орын алды. Жетекші – мұғалімі С.М.Исханова. Анжелика “Ауыл мектебінің үздік оқушысы” номинациясының дипломымен, ІІІ дәрежелі медальмен марапатталды.

Карменова Сая Шығыс Қазақстан облысы, ауылдық қазақ мектептері арасында “Алтын белгі” иегері. Сая Орал қаласындағы Республикалық қазақ тілі олимпиадасында ІІІ жүлделі орынды жеңіп алды. Қазір Е.Гумилев атындағы ЕМҰУ-дың халықаралық қатынастар бөлімінде оқиды. Жетекші – мұғалімі Г.И.Пшенчинова.

Өткен он жыл көлемінде көптеген түлектер ЖОО-ның оқытушылары болды. Боран жастары жиі: топтың үздігі, староста қызметіне, лекцияға қатысу жеңілдіктеріне, жүлдегер атану, республикалық олимпиада, байқаулардың дипломанты болады. Оқушылардың мұндай жетістіктері педагогикалық ұжымның жұмыс сапасының куәсі әрі шынайы марапаты.

2005 жылы сәуір айында ҚР Білім және ғылым министрлігінің шешімімен Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлының мектеп-гимназиясының ұжымына “Үздік олимпиада мектебі” атағы берілді.

“Дарын” ШҚ РҰПО басшысы А.К Дүсіпова мектептегі экспериментальді орталық алаңының ашылуында түрлі деңгейдегі “Асыл тас”, “Ақбота”, “Малахит”, “Кенгуру” олимпиада оқушы-қатысушыларының жоғары дайындық деңгейін ризашылықпен атап өтті. Алма Көркембайқызының айтуынша, “дарындықтар” КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлының мектеп-гимназия оқушылары – “олимпишілермен” үлкен ризашылықпен жұмыс істеуде. Дарынды балаларды табу және дамытудағы оқушылардың жалпы білім беретін пәндердің Республикалық олимпиадасына дайындықтарының жоғарғы деңгейі-мақсатты жұмыстың жемісі.

2002 жылы Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлының мектеп-гимназиясы облыстық “2002 жылдың үздік мектебі” байқауына қатысты. Байқауға Шығыс Қазақстанның ауылдық және қалалық үздік мектептер қатысты. Мектеп “Бас жүлде” иеленіп, мектеп басшысы Талант Құмашұлы Құрмет грамотасын иеленді.

2003 жылы Алматыда “Ауыл мектебін басқару және білім беру сапасын арттырудың тиімді жолдары” атты республикалық семинар өтті. Т.Қ.Нұрғалиевтің үлгісінде көрініс тапқан ауыл мектебінің проблемасы мен оны шешу жолдары семинарға қатысушылардың қолдауына ие болды. Комиссия мүшелерінің шешімімен жоба жоғары баға мен жүлделі орынды иеленді.

## Мен сізді көрмесем де ...

*Құмаш ата, мен сізді көрмесем де,  
Бір терең, тұнық сыр бар елесіңді ...*

Туған халқың сізді, мен мына дүниеге келмей тұрған шақта-ақ, қара жердің суық қойнына қабырғасы қайысып отырып тапсырған екен.

Алайда сіздің жарқын елесіңіз менің кішкене жүрегімнің ең түкпірінен орын алған.

Мен сіздің суреттегі жүзіңізге қараймын да, төгілген мейірім шуағын көрем.

Мен сіздің терең ойлы көзіңізге қараймын да, тұңғыық бір сыр ұғамын.

Сіздің бейнеңізге қараған сәтте «айналайын қарағым» деген жағымды да өуезді бір дауыс құлағыма келеді. Жұмыс кабинетіңізді сіз отырған орынды, сіз қолданған заттарды көрсем, жазбаларыңызға көз салсам, ұстаздар мен шәкірттеріңіздің арасында түскен суреттеріңізге үңілсем, өзімді өзіңізбен қатар тұрғандай сезінемін.

Үлкен жүрегіңізге, бейне жақұт жан дүниеніңізге үңілгім келіп, сіз туралы түсірілген деректі фильмдерді көрем, жазылған кітап, асыл бейнеңіздің қасиетін бетінде айшықтаған өлең жолдарын оқимын. Бірі сіздің ірі болмысыңызды бағалап, «тұлға» деп жатса, енді бірі «ұлағатты ұстаз» деп жатса, енді бірі көтереді. Ал өзіңізбен кезінде істес болған достарыңыз сіздің биік адамгершілігіңізді мадақ етіп: «Шіркін-ай, қандай жақсы адам ед. Кезінде осындай жақсылығын көріп едім», - деп таң қала таңдана күні-түні отырып, баяндауға да бар.

Жаратқан иеміздің асыл адамзатты біздей ұрпақтарға үлгі етіп жіберген екен. Біздің өңір, қала берсе игісі қазақ сіздей тұлғасыменен мақтана алады.

Сіз қандай атақ-даңққа да лайықтысыз! Жұртың ол қадір-қасиетіңізді бағалады да, әлі бағалай жатар. Сізді әркім өзінше биіктен көреді.

Ал мен сізді адамшылық тұғырдың шыңына шыққан «нағыз адам» деген атаққа ұсынар едім. Және сол атақты өз жүрегімде сізге тағайындап та қойғам.

Ата, сіз бақыттысыз, себебі сіз әр шәкіртіңіздің жүрегінен биік орын алғансыз. Сіз туған халқыңыздың мақтанысыз, өзіңіз іргесін қалаған білім ұясының табалдырығын аттаған әр шәкірттердің үлгі тұтар биік тұлғасы тек қана сізсіз, ата!

Құмаш ата, мен сізді көрмесем де,

Сіз менің жүрегімнің төріндесіз!

*Бигалиева Рахима,  
выпускница Бурановской школы,  
закончила ВКГУ с отличием,  
сейчас – учитель родной школы.*



## Использованные источники

1. Нурғалиев Қ. Ұстаз борышы // Лениншіл жас. – 6.03.1955 г.
2. Нурғалиев К. //Правда. – 1968.
3. Нурғалиев К. Эстафета добра //Правда. – 26.06.1978 г..
4. Нурғалиев К.Н. Растим детей для счастья //Казахстанская правда, № 203 (19.429). – 1.09.1983 г.
5. Нурғалиев К.Н. Наш семидесятый учебный год //Учитель Казахстана, №40 (1813), – 1.10.1987 г.
6. Нурғалиев Қ. Сұйқар бол сен де жас ұрпақ // Қазақстан коммунисті. – 11.11.1987г.
7. Амирханов С. Школа Нурғалиева //Казахстанская правда. – 8.08. 1982 г.
8. Амирханов С. Эстафета добра //Казахстанская правда. – 17 .04.1980 г.
9. Аязбаев Е.М., Зенков В.М. Вся жизнь – подвиг //Педагогический вестник ВКО.– 2002. – №3.– С.53-56.
10. Викторов Б. Учитель 80-х.// Учительская газета. – №18 (8175). – 10.02.1983 г.
11. Володин О. Подвиг продолжается //Народное образование. –1983. – №2. – С.73-76.
12. Иванова Н., Садовникова В. Давным-давно окончен бой. – В кн. Народный учитель. Сб.очерков/Сост. В.Я.Ермолаев, Н.И.Целищева – М.: Педагогика, 1985. – С. 145-162.
13. Павлушин В. Сердце учителя //Правда. – № 94 (23620). – 4.04.1983 г.
14. Ривина Р. Вам слово, новаторы //Казахстанская правда. – 3.05.1988 г.
15. Розанов А. Полчаса и еще много-много лет //Наука и религия. – 1981. – № 2 – С. 11-15.
16. Розанов А. Где мы с тобой, там и Москва //Советский Красный крест. – 1983. – №11. – С. 6-7.
17. Розанов А. Вглядись в учителя //Комсомольская правда. – 3.10.1984 г.
18. Хромова К. Однополчанин Матросова //Красная звезда. – № 231 (17318). – 7.10. 1980г.
19. Шаторев Ю. Народный учитель // Казахстанская правда. – 1.09.1987 г.
20. Әлімбаев М. Құмашқа хат //Жұлдыз. – 1985. – № 1. – С.5-7.
21. Әгалиев М. Өнегелі өмір // Социалистік Қазақстан. – 26.01.1982 ж.

22. *Елеусізулы Т.* Ұстаз туралы сөз // Қазақстан мектебі журналы. – №4. – 1982.
23. *Зәкенов К.* Құштарлық пен қайсарлық. – 1979 ж.
24. *Кітапбаев Б.* Қайран Құмаш, қайсар Құмаш // Егемен Қазақстан. – 27.10.1995 ж.
25. *Қалиев С.* От жүректі коммунист // Лениншіл жас. – №123. – 24.06.1988 ж.
26. *Нұрғалиев Т.* Болашағымызды ойлайық //Коммунизм туы. – №91. – 11.05.1990 ж.
27. *Нұрғалиев Т.* Педагогические возможности использования школьного телевизионно-технического центра в учебно-воспитательном процессе сельских школ. Дисс. ... канд.пед.наук. – Алма-Ата, 1992 г.
28. *Сатыбалдин О.* Құмаштың мектебі // Социалистік Қазақстан.–14.02.1975 ж.
29. *Тожлаев У.* Ертеңің ерте ойлаған // Дидар. – 27.10.1997 ж.
30. Тұлаға. Халық мұғалімі, Қазақстанның мақтанышына айналған марқам Құмаш Нұрғалиев 70 жасқа толды //Дидар. – № 120. – 28.10.1995 ж.
31. *Шегенбайқов М.* Құмаштың мектебі. – Алматы: Жалын, 1986.
32. *Ыбраев Ж.* Қайсар //Қазақстан ауыл шаруашылары. – 1985.
33. *Розанов А.* На острие атаки //Техника – молодежи. – 1984. – № 1.
34. *Құльчимбаева Б.* Развитие педагогических идей в новаторской деятельности народного учителя СССР Кумаша Нурғалиева. Дисс. ... канд.пед.наук – Алма-Ата, 1996 г.
35. *Уманов Г.А.* Мечты отца, воплощенные в реальность //Вестник высшей школы. – 2004.
36. Д/ф “Учитель”, 1982. (автор сценария – Бортник П.И., кинооператор Фазыл С.).
37. Д/ф “Открытый урок”, 2004 г. (автор сценария – Азмұхамбетов Ш., кинооператор Фазыл С.).
38. *Азмұхамбетов Ш.* Восхождение // Простор. – 2005. – № 5. – с.169-177.

ББК.74.03  
Х.17

#### Редакционная коллегия

Нурғалиева Г.К., доктор педагогических наук, профессор,  
Артыкбаева Е.В., кандидат педагогических наук,  
Жумажанова Т.К., доктор педагогических наук, профессор,  
Кусайнов А.К., доктор педагогических наук, профессор, лауреат Госпремии РК,  
Тажигулова А.И., кандидат педагогических наук,  
Ферхо С.И., кандидат педагогических наук

Ответственный редактор: Нурғалиева Г.К.

Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлы. Педагогикалық әулеті.  
Народный учитель Кумаш Нурғалиев. Педагогическая династия.  
Алматы, 2005 г.-336 с.  
ISBN 9965-27-754-0

Историко-педагогическая книга о жизнедеятельности Народного учителя СССР, педагога-новатора Кумаша Нурғалиевича Нурғалиева представляет собой воспоминания и размышления его коллег, способствующих осмыслению его педагогической системы.

Книга адресована не только для специалистов в области образования, но и для широкой педагогической общественности.

Н 4302000000-005  
00(05)-05

ББК.74.0

ISBN 9965-27-754-0

© Нурғалиева Г.К., 2005

#### Компьютерный дизайн, набор и верстка

*Абдрахманова А.Т., Бухарбаева А.Е., Ан М., Еркебаева Н.Р.,  
Ерманов О, Морозова Ю.С., Свиридов А.Н.*

Учреждение образования  
"Центр педагогических технологий информатизации образования"

Подписано в печать 07.09.05 г. Формат 60x90<sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Бумага мелованная.  
Печать офсетная. Усл.печ.л. 42,0. Тираж 1000 экз. Заказ 50. (2 | 99)

Отпечатано ТОО Печатный дом "МерСал"  
050100 г.Алматы, ул.Кабанбай батыра, 47.



COBETORWE  
ABRINTIONIBUSORWA  
CIVITATE

Handwritten text in a cursive script, likely Latin or a related language, covering the entire page. The text is written on a light-colored background, possibly parchment or paper, and is partially obscured by a dark red cover on the left side. The script is dense and fills most of the page area.

